

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқармасының
2022 жылғы 10 маусым
шешіміне 1 қосымшасы
№02/21 хаттама, №4 мәселе

«Жолаушылар тасымалы» АҚ
Жалғыз акционерінің
2022 жылғы 10 маусым
№02/21 хаттама шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл

1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 маусымдағы № 7721 рұқсаты негізінде «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Жолаушылар тасымалы» еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» 1998 жылғы 14 сәуірдегі № 245-Ц бұйрығына сәйкес құрылып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру және оның қызметін ұйымдастыру мәселелері туралы» 2002 жылғы 27 сәуірдегі №479 қаулысына, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» 2002 жылғы 30 сәуірдегі №69 бұйрығына сәйкес «Жолаушылар тасымалы» ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды..

3. Қоғам:

1) «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Жолаушылар тасымалы» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 1999 жылғы 15 наурыздағы № 6442-1901-ГП куәлігі),

2) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 5 маусымдағы шешімімен (№4 хаттама) бекітілген өткізу актілеріне сәйкес «Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы мен «Жолаушылартранс» компаниясы» жауапкершілігі шеуктеулі серіктестігінің,

3) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№02/45 хаттама) бекітілген өткізу актісіне сәйкес «Қала маңындағы тасымал» акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттерінің мұрагері болып табылады.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банк шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алып, жүзеге асыра алады, міндеттер алып, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

5. Қоғамның өз атауы жазылған бланкілері және өз қызметін

жүзеге асыруға қажетті өзге де деректемелері болады.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі – заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі - заңнама), сондай-ақ осы жарғыны және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – қор), «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚТЖ) басқа да құжаттарын басшылыққа алады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға, филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2-бап. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

8. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде – акционерное общество «Пассажирские перевозки»;

3) ағылшын тілінде – Joint Stock Company «Passenger Transportation»;

9. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Жолаушылар тасымалы» АҚ;

2) орыс тілінде – АО «Пассажирские перевозки»;

3) ағылшын тілінде – JSC "Passenger Transportation".

10. Қоғамның (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев, 6-ғимарат.

3-бап. Қоғам қызметінің мақсаты және түрлері

11. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты таза табыс алу болып табылады.

12. Қоғам алға қойған мақсатын іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) халықаралық, облысаралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық), ішкі және қала маңындағы қатынастарда темір жол жолаушылар тасымалын, багаж, жүк багажы мен пошта жөнелтілімдері тасымалын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

2) жолаушыларды темір жол көлігімен, жүрдек жолаушылар

пойыздарымен экспресс-тасымалдау қызметін ұйымдастыру;

3) бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жол ұсыну қызметі;

4) бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, маневрлік жұмыстар, тиеп-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрам тұрағына кірме жолдар ұсыну қызметі;

5) катушкалы билеттерді сату және жол жүруді БКМ (бақылау-кассалық машина) арқылы ресімдеу.

6) Қоғам балансындағы жолаушылар вагондары паркі мен басқа да негізгі қорларға қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру;

7) жолаушыларға қызмет көрсету сапасы мен мәдениетін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;

8) Қоғам филиалдарының Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің темір жол әкімшіліктері құрастырған пойыздармен жолаушылар, багаж, жүк багажы мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау қызметін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;

9) жолаушылар пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігін, жолаушылардың өмірі мен денсаулығын және тасымалданатын багаж, жүк багажы мен пошта жөнелтілімдерінің сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;

10) жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі коммерциялық қызметті жүзеге асыру, жолаушылар шаруашылығы объектілерінің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

11) көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан немесе тығыз байланысты қызметтің басқа да түрлері.

13. Лицензияның немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы тиіс өзге де рұқсат түрлерінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе өзге де рұқсат түрлерін алған соң ғана жүзеге асырылады.

4-бап. Жалғыз акционер

14. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – жалғыз акционер) Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

5-бап. Жалғыз акционердің құқығы мен міндеттері

15. Жалғыз акционер:

1) заңда және (немесе) жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды

басқару ісіне қатысуға,

2) заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді Директорлар кеңесіне ұсынуға,

3) дивидендтер алуға,

4) Жалғыз акционер немесе осы жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысуға,

5) Қоғамның орталық депозитарийінен немесе номинал ұстаушыдан оның қоғамның бағалы қағаздарына деген меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға,

6) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға,

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға,

8) заңның 63- және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалды өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың тәуелді тұлғаларының жасалуында мүддесі бар мәмілелер мен (немесе) ірі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау (жасасу жөніндегі ұсыныс) нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қайтаруы жөніндегі талаппен сот органдарына жүгінуге,

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал жолдап, аталған сауал Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алуға,

10) Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігіне,

11) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға,

12) заңда көзделген тәртіппен акциялардың санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға,

13) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының өткізілуін талап етуге,

14) өз есебінен Қоғамға аудит жүргізілуін талап етуге,

15) құқығының бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтемақы алуға құқылы.

16. Жалғыз акционер:

1) акцияларды төлеуге,

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның орталық депозитарийіне және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номинал ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушылар реестрлері жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға,

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты жария

етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

17. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номинал ұстаушы Жалғыз акционердің жарғының 16-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауынан болған салдарларға жауапты болмайды.

6-бап. Қоғамның органдары

18. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

7-бап. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

19. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді.

Заңнамада және жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі шешімдерді жалғыз акционердің заңнамаға және Жалғыз акционердің жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар органдары қабылдайды.

20. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Қоғамды еркіне қарай қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның жарияланып орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа бір түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осылай айырбастау шарттарын, мерзімі мен тәртібін айқындау;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік ету мерзімін

айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғандары үшін төленетін сыйақылар мен шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Басқарма төрағасының (Бас директордың) өкілеттік ету мерзімін айқындау, тағайындау (сайлау) және белгіленген тәртіппен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;

10) жылдық қаржы есебін бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан астам пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларды заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмесе, оны бекіту);

16) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

17) «Алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

18) Қоғамның ірі мәмілені жасасатыны туралы шешім қабылдау, оның нәтижесінде Қоғам құны жасалу нәтижесінде активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан астам пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелер жасасу туралы шешім қабылданған күні Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан астам пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін).

19) Қоғамның заңға сәйкес Қор тобына кіретін ұйымдармен жасалатын мәміледен басқа, жасалуында мүддесі бар ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның Қор тобына кіретін мекемелермен жасалуында өз мүддесі бар ірі мәміле (мәмілелер) жасасуы туралы шешім қабылдау,

оның нәтижесінде Қоғам құны жасалу нәтижесінде активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан астам пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелер жасасу туралы шешім қабылданған күні Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан астам пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін).

21) Жалғыз акционердің компаниялар тобында қолданылатын саясат, әдістеме, стандарттар мен басқа да құжаттарды бекіту;

22) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

23) Қоғамның құны Жалғыз акционер белгілеген шектен асатын мүлкінің есептен шығарылуын келісу;

24) Жалғыз акционер бекітетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;

25) олар туралы шешім қабылдау заңмен және (немесе) жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, оның ішінде ҚТЖ және (немесе) қор бекіткен құжаттармен Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

21. Егер Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдауы Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

22. Жалғыз акционер Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша шығарған кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8-бап. Директорлар кеңесі

23. Директорлар кеңесі Қоғамның заңмен және (немесе) жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, қызметіне жалпы басшылық етеді.

24. Егер заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның даму стратегиясын белгіленген тәртіп бойынша бекіту, сондай-ақ Даму стратегиясының іске асырылу мониторингін жүзеге асыру (болған кезде);

2) Даму жоспарын (бизнес-жоспарды) бекіту және оның іске асырылуын мониторингтеу;

3) мәселелерді алдын ала мақұлдап, Жалғыз акционердің қарауына шығару;

4) акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы және оларды орналастыру (сату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) жасалуында Қоғамның мүддесі бар, жасалуы туралы шешімді заңға және осы жарғыға сәйкес Жалғыз акционер өзі қабылдайтын ірі мәмілелерден басқа мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның Қор тобына кіретін мекемелермен жасалуында өз мүддесі бар ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау, оның нәтижесінде Қоғам құны мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күні Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан аз пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін);

10) нәтижесінде Қоғам:

- заңнамаға немесе осы жарғыға байланысты Жалғыз акционердің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәмілелерден,

- қордың құжаттарында бекітілген сатып алу рәсіміне сәйкес жасалатын мәмілелерден,

- қормен, Жалғыз акционермен, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу пайызынан астамы Жалғыз акционерге тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалармен жасалатын мәмілелерден басқа мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күні құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміленің (мәмілелердің) жасалуын келісу;

11) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақылардың мөлшері мен төлеу шарттарын айқындау тәртібі жөнінде ұсынымдар дайындау;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

13) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік ету мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін (Басқарма төрағасынан (Бас директордан басқасын) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін

мерзімінен бұрын тоқтату;

14) Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін, еңбек ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

15) Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін бекіту;

16) Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) мен Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

17) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік ету мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен еңбек ақы төлеу және сыйлық ақы беру шарттарын айқындау, корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, корпоративтік хатшының жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту (ҚТЖ корпоративтік хатшысының кеңсесімен келісім бойынша);

18) корпоративтік хатшыға арналған уәждемелік негізгі көрсеткіштерді және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

19) Қоғамның комплаенс-қызметі (комплаенс-бақылаушы) қызметкерлерін тағайындау, өкілеттік ету мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақысы мөлшері мен еңбек ақы төлеу және сыйлық ақы беру шарттарын айқындау, Қоғамның комплаенс-қызметі (комплаенс-бақылаушы) туралы ережені бекіту, Қоғамның комплаенс-қызметі (комплаенс-бақылаушы) қызметкерлерінің қызметін бағалау, Қоғамның комплаенс-қызметінің (комплаенс-бақылаушының) жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту;

20) Қоғамның корпоративтік хатшысының, комплаенс-қызметінің (комплаенс-бақылаушының) штат кестесін бекіту;

21) акцияларын (қатысу үлесін) Қоғам тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғалардың лауазымды тұлғаларын тағайындау саясатын жасау;

22) біліктілік талаптарын белгілеу, қызметке тағайындалуын келісу мәселесін, қызметіне Қоғамның Директорлар кеңесінің баға беруін көздейтін негізгі лауазымдар тізбесін бекіту;

23) қаржылық есеп аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтағы құнын бағалайтын бағалаушының қызмет ақысын төлеу мөлшерін айқындау;

24) Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқарма Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттардан басқа), оның ішінде аукцион өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол

қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

25) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

26) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

27) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлесінің) он және одан астам пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

28) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан астам пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

29) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

30) Қорда, ҚТЖ-да қолданылатын актілерге және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бастама ететін маңызды және ірі инвестициялық жобалар, тиімділігі төмен жобалар мен өзге де жобалар бойынша алдын ала шешім қабылдау;

31) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты айқындау;

32) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімін айқындау;

33) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан астам пайызын сенімгерлік басқаруға беруіне қатысты шешім қабылдау;

34) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

35) Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту (Қоғамның басқа органдарының құзыретіне Қоғамның, Жалғыз акционердің ішкі құжаттарымен жатқызылған мәселелерден басқасын);

36) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

37) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

38) өз құзыреті шеңберінде Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның тиісті құжаттарына енгізілетін өзгерістерді бекіту;

39) өз құзыреті шеңберінде корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын реттеуге қатысу және мониторингтеу;

40) құрамына Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп кіретін Қоғамның жылдық есебін бекіту;

41) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;

42) заңда және (немесе) жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне Қоғамның Директорлар кеңесі, ҚТЖ және (немесе) қор бекіткен құжаттармен жатқызылған мәселелер.

25. Тізбесі жарғының осы бабының 24-тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

26. Қоғамның сайланған Директорлар кеңесі немесе Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған мүшелердің саны жеткіліксіз болуына байланысты шешім қабылдау үшін талап етілетін кворум болмаған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, ол болмаған кезеңде, Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

27. Директорлар кеңесінің жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

28. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен жалғыз акционер деңгейінде туындауы мүмкін мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдаланушылық пен өз мүддесі бар мәмілелер жасасу кезінде қызметін теріс пайдаланушылықты қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға,

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылау жұмыстарын жүзеге асыруға міндетті.

29. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың жұмыс тәртібі мен саны, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында Жалғыз акционердің регламенттеуші құжаттары ескеріліп белгіленеді.

30. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі заңға және (немесе) жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды өзге бір тұлғаларға беруге орындауға құқығы жоқ.

31. Директорлар кеңесі мүшелерінің бәсекелес ұйымдарда жұмыс істеуге құқығы жоқ.

32. Қоғамның Басқарма төрағасынан (Бас директорынан) басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

33. Директорлар кеңесі мүшесіне үміткер кандидаттар мен Директорлар кеңесі мүшесінің өз міндеттерін және барлық

Директорлар кеңесінің жұмысын Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін орындауға және тиімді ұйымдастыруға қажетті, тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортада қол жеткізген оң жетістіктері мен мінсіз беделі болуы тиіс.

34. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге өз қызметі туралы беретін жылдық есепте Директорлар кеңесінің өзі тәуелсіз деп санайтын әр мүшесін көрсетуі тиіс. Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз болған, болмағанын белгілеп, Директорлар кеңесі мүшесінің заңнамадағы тәуелсіздік критерийлеріне сәйкестігін, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп танылуына ықпал етуі мүмкін қатынастардың немесе мән-жайлардың болуын көрсете отырып, оның ішінде, егер Директорлар кеңесі мүшесі:

1) соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болған болса,

2) Қоғамнан Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысынан басқа, қосымша сыйақы алған болса немесе алып жүрсе,

3) басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымды атқарған болса, Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен басқа ұйымдарға немесе органдарға осылай қатысу арқылы тығыз байланысы бар болса,

4) Жалғыз акционердің немесе мемлекеттік басқару органдарының мүддесін білдірсе,

5) қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болса, Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп танылу себептерін көрсетуі тиіс.

35. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамнан тұруы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

36. Мына:

1) сотталған және ол заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған болса,

2) бұған дейін, белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа бір заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған болса, Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен бастап (кейін) бес жыл бойы қолданылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға

қойылатын өзге де талаптар Жалғыз акционердің заңнамасында және (немесе) шешімдерінде белгіленеді.

37. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік ету мерзімі барлық Директорлар кеңесінің өкілеттік ету мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланып, қызмет нәтижесі қанағаттанарлық болған жағдайда, тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайлау кезінде, оның кез келген мерзімі (мәселен, үш жылдық екі мерзім) ерекше қаралып, Директорлар кеңесі құрамының сапалы жаңартылу қажеттігі ескерілуі тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда ғана, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлануына жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау рәсімі жыл сайын өтуі және Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне тигізетін әсері егжей-тегжейлі түсіндірілуі тиіс.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттік ету мерзімін Қоғамның жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

39. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

40. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

41. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

42. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер кез келген уақытта директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

43. Директорлар кеңесінің төрағасы өз функцияларын Заңға, Жарғыға және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысына шақырады және оны

жүргізеді;

3) Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен (Бас директормен) материалдық көтермелеудің және Басқарма Төрағасының (Бас директордың) жауапкершілігінің Қоғам қызметінің нәтижелеріне және даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады;

4) Жалғыз акционерді Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді;

6) жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционерді хабардар етеді;

7) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлесін және Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынас болуын қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;

11) Қоғамды басқару мәселелерін Жалғыз акционермен келіседі;

12) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;

13) Жалғыз акционердің сұрақтарына жауап беруді қамтамасыз етеді;

14) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен шарттарға қол қояды;

15) Заңнамада, Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де мәселелерді шешеді.

44. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

45. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

46. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын, ал аса маңызды мәселелер бойынша Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес кемінде 15 (он бес) жұмыс күн бұрын жіберілуі тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуы тиіс.

47. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

48. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға, Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға оның директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлау арқылы дауыс беруге құқылы.

49. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті.

50. Егер Заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелері (оның ішінде Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлерін ескере отырып) немесе сырттай дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

51. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

52. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік дыбыс-бейне жазу байланысы), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі Директорлар кеңесі отырысының қалған барлық қатысушыларымен сөйлесе алатын жағдайда, өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің осы мүшесі Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына жеке өзі қатысады деп есептеледі және дауыс беруге және кворумда есепке алуға құқығы бар.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша пікір кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және Директорлар кеңесінің осы мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені туралы жазба жазылатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікірді Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

53. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

54. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің мазмұнына қойылатын талаптар Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

55. Егер Директорлар кеңесі туралы ережеде өзге мерзімдер көзделмесе, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса берілген сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

56. Сырттай дауыс беруге арналып толтырылған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс.

Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

57. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдерді және сырттай дауыс беру қорытындыларын Корпоративтік хатшы осы шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді қоса бере отырып, шешімге қол қойылған кезден бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберуі тиіс.

58. Директорлар кеңесі осы Жарғының 24-тармағының 1), 2), 6), 8)-10), 12)-15), 17), 19), 26)-30), 38), 40) тармақшаларда көрсетілген мәселелерді тек қана көзбе-көз отырыстарда қарауы тиіс.

59. Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдері Заңның және Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес ресімделетін және қол қойылатын хаттамада тіркеледі.

60. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде оған Директорлар кеңесі (Директорлар кеңесі комитеттері) отырысының хаттамасын және (немесе) танысу үшін сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді ұсынады және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Корпоративтік хатшының қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған көшірмелерін береді.

61. Қоғамның Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген мүшесі оны Заңда және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, сот тәртібінде даулауға құқылы.

62. Жалғыз акционер сотта Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңның және Жарғының талаптарын бұзып қабылдаған шешімін егер осы шешімде Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, даулауға құқылы.

9-бап. Басқарма

63. Басқарма Қоғамның алқалық атқарушы органы болып табылады, оның құзыретіне Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

64. Басқарма мүшелерінің саны кемінде 3 (үшеу) болуы тиіс.

65. Жалғыз акционердің өкілдері мен Қоғам қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

Басқарма мүшелері Қоғам қызметін басқаруды Басқарма отырыстарына қатысу арқылы жүзеге асырады.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесінің бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшесі немесе атқарушы орган

лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасының (Бас директордың) атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын, сондай-ақ бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесі немесе атқарушы орган мүшесінің лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасы (Бас директор) және Басқарма мүшелері 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма мүшелерінің (Басқарма төрағасын (Бас директорды) қоспағанда) өкілеттік мерзімдері жалпы алғанда Басқарма өкілеттігінің мерзіміне сәйкес келеді.

66. Басқарма құзыреті:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру;

2) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау;

3) Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) әзірлеу, мақұлдау және директорлар кеңесінің қарауына шығару;

4) Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) іске асыру;

5) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның даму жоспарының (бизнес-жоспарының) шеңберінде Қоғамның (нақтыланған) бюджетін бекіту, Қоғамның (нақтыланған) бюджетін іске асыру және орындау;

6) Қоғамның дивидендтік саясатына қатысты Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау тәртібіне ұсынымдар дайындау жөніндегі ұсыныстарды қарау, мақұлдау және оны Директорлар кеңесіне ұсыну;

7) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту үшін дайындап, Директорлар кеңесіне ұсыну;

8) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту үшін дайындап, Директорлар кеңесіне ұсыну;

9) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін Қор тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

10) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның орталық аппаратының және филиалдарының/өкілдіктерінің штат кестесін бекіту;

12) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және филиалдарының/өкілдіктерінің құрылымын бекіту;

13) Қоғамның әкімшілік қызметкерлерінің (атқарушы органның

басшысы мен мүшелерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын айқындау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын қызметкерлерді қоспағанда) еңбегіне ақы төлеу туралы ережелерді және лауазымдық айлықақылар схемасын бекіту;

14) Қоғамның салық есебі саясатын бекіту;

15) Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) мен Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігін алдын ала мақұлдау;

16) Директорлар кеңесінің, Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған, Қоғам әзірлеген ішкі құжаттарды алдын ала мақұлдау және оларды бекіту;

17) Қоғамның Жалғыз акционері және Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

18) ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғауды және оның сақталуын қамтамасыз ету;

19) Директорлар кеңесін Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі және ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақтылы хабардар ету;

20) жасалуына қатысты Заңда ерекше талаптар белгіленген, Қор тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу тәртібіне сәйкес жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

21) мәміле жасасу туралы шешімді Заңға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционер және директорлар кеңесі қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 1 (бір) пайызынан астамын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге еншілес, бірлесіп бақыланатын ұйымдарды және тәуелді акционерлік қоғамдарды басқару туралы, сондай-ақ аталған ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартыжылдық есептерді ұсыну;

23) Қоғамдағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және қызметтің үздіксіздігі рәсімдерін әзірлеуді және қолдануды қамтамасыз ету;

24) Қоғамның меншігіне қатысты құқыққа сыйымсыз әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

25) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау;

26) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген Жалғыз

акционердің, Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Директорлар кеңесі, ҚТЖ және (немесе) Қор бекіткен құжаттармен Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер.

67. Басқарма отырыстарында шешімдер отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда (кворум) Басқарма шешім қабылдауға құқылы.

68. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарманың дауыс беруі кезінде дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының (Бас директордың) дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіліп, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуы тиіс.

69. Басқармаға басшылықты Басқарма төрағасы (Бас директор) жүзеге асырады.

70. Қоғамның Басқарма Төрағасының (Бас директорының) құзыретіне Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құзыретіне жатпайтын, Заңнамада, Жарғыда және Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Басқарма қабылдаған өзге де құжаттарда айқындалған Қоғам қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

71. Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры):

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қоғам қызметіне басшылық жасайды;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) нәтижесінде құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 1 (бір) және одан аз пайызын құрайтын мүлікті Қоғам атынан сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелер жасасады;

5) үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынастарында Қоғам мүддесін білдіруге құқық беретін сенімхаттар береді. Мұндай сенім білдірілген адамдар, егер оларға алынған сенімхатта осыған уәкілеттік берілген болса, қайта сенім білдіру тәртібімен сенімхаттар беруге құқылы выдает доверенности на право представления Общества в его отношениях с третьими лицами, в том числе с государственными и судебными

органами. Мұндай сенім білдірілген адамдар, егер оларға алынған сенімхатта осыған уәкілеттік берілген болса, қайта сенім білдіру тәртібімен сенімхаттар беруге құқылы;

6) Қоғам қызметкерлеріне қатысты белгіленген тәртіппен еңбек шарттарын жасасады, өзгертеді, тоқтатады, еңбек қатынастары туындайтын, өзгертін, тоқтатылатын актілер қабылдайды, Қоғам қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның еңбекке ақы төлеу мәселелерін реттейтін актілеріне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, өкілеттіктерін тағайындау, мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын айқындау Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін айқындайды;

7) Басқарма мүшелері мен Қоғамның өзге де қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер аясын және жауапкершілікті бөледі;

8) наразылық пен талаптар білдіріп, талаптан бас тартып, шағым-талаптарды өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;

9) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

10) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

11) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

12) құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

13) белгіленген тәртіппен ұжымдық шарттар жасасады;

14) Жалғыз акционерге: Жалғыз акционер бекіткен үлгілер бойынша және Жалғыз акционер белгілеген мерзімде Қоғамның даму жоспарының (бизнес-жоспарының) іске асырылуы туралы есепті; Жалғыз акционер белгілеген мерзімде Жалғыз акционер бекіткен үлгі бойынша Қоғамның, оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті ұсынады;

15) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды бекітеді;

16) Қоғамның жұмыс режимін айқындайды;

17) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

18) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне, сондай-ақ Басқарманың құзіретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, сондай-ақ Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған өзге де құжаттармен белгіленген Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

10-бап. Лауазымды тұлғалар, Комплаенс-қызмет (Комплаенс-бақылаушы), Корпоративтік хатшы

72. Лауазымды адамдар ұғымдарын айқындау, лауазымды адамдар қызметінің қағидаттары, олардың құқықтары мен міндеттері, жауаптылығы, сондай-ақ лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту тәртібі Заңнамада және Жарғыда белгіленеді.

73. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптарын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік халықаралық практикасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау тетіктерін енгізу үшін Қоғамда Комплаенс-қызмет (Комплаенс-бақылаушы) құрылады.

74. Комплаенс-қызметтің (Комплаенс-бақылаушының) міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Заңнамада және Директорлар кеңесі бекітетін Комплаенс-қызмет (Комплаенс-бақылаушы) туралы ережеде айқындалады.

75. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкері, оны Директор кеңесі тағайындайды және ол Директорлар кеңесіне есеп береді.

76. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік хатшы туралы ережемен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

11-бап. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

77. Қоғам жай акцияларды құжатсыз нысанда шығарады.

78. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға, оның ішінде оның ішінде айырбасталатындар, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді.

79. Жай акция Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін шешімдерді қабылдау құқығын, Жалғыз акционердің тиісті шешімі негізінде Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендтерді, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін Заңнамада белгіленген тәртіппен алу құқығын береді.

80. Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Заңнамаға сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

81. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды

өткізуден түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Заңнамада және облигациялар шығару проспектісінде айқындалады.

82. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

83. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Жалғыз акционердің шешімі бойынша тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

84. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның сол немесе өзге кезеңдегі жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

85. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

86. Заңда көзделген жағдайларда дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

87. Жалғыз акционер, Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивиденттер төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемелерді немесе олардың тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелетін өсімақы төленеді.

12-бап. Қаржылық есеп, есепке алу құжаттамасы және аудит

88. Күнтізбелік жыл (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығы) Қоғамның қаржылық жылы болып табылады.

89. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленеді.

90. Басқарма жыл сайын Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есебі талқылау және бекіту үшін оны Жалғыз акционерге ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есебі Жалғыз акционер бекітетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, алдын ала Директорлар кеңесінің бекітуіне жатады..

Басқарма қаржылық есептіліктен басқа Жалғыз акционерге аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса алғанда аудиторлық есепті ұсынады.

Қоғам жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық жылдың қорытындысы бойынша аудит жүргізеді.

91. Қоғамда аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі дербес белгілеуге құқылы. Аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша өткізілетін жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

92. Егер Басқарма Қоғамға аудит жүргізуден бас тартқан жағдайда, аудит кез келген мүдделі тұлғалардың талабы бойынша сот шешімі бойынша тағайындалуы мүмкін.

93. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есебіне түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Заңда және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

94. Қоғамның жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын, сондай-ақ Қоғам істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін қаржы жылының қорытындылары бойынша жыл сайынғы аудитті ол аяқталғаннан кейін Заңнамамен және Жалғыз акционердің шешімдерінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізуге міндетті.

13-бап. Қоғамның ақпаратын ашу

95. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуға міндетті.

Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің Интернет желісіндегі WEB – сайтында (www.railways.kz) және (немесе) өзге де тұлғалардың басқа интернет-ресурстарында және (немесе) мерзімді баспасөз басылымында, Заңнамада белгіленген жағдайда және тәртіппен жариялайды.

96. Орналастырылатын ақпараттың көлемі мен мазмұны заңнамада айқындалады.

97. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам Басқарманың орналасқан жерінде Қоғамның барлық қызмет ету мерзімі ішінде сақтауы тиіс.

98. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есебі заңнамада белгіленген мерзім ішінде сақталады.

99. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеу енгізуге рұқсат беріледі.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оған танысу үшін берілуі тиіс.

100. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

101. Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды тұлғалары тәуелділік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өздерінің тәуелді тұлғалары туралы ақпарат береді.

Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды тұлғасы бұрын аффилиирленген тұлға ретінде көрсеткен тұлғасы осындай болуды тоқтатқан жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды адамы бұл туралы Қоғамды бес күндік мерзім ішінде хабардар етеді.

Аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты Қоғам уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тиісті түрдегі үлгі бойынша ұсынады.

14-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

102. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңнамамен реттеледі.

15-бап. Қорытынды ережелер

103. Осы жарғы заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

104. Егер жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан мағынасы жағынан жақын және жол берілетін ережемен ауыстырылады.

**Бас директордың
міндетін атқарушы**

Ж. Тайжанов
